

«Қазак мұнайының ардақтылары» атты өміrbаян сериясы экономикамыздың стратегиялық саласы ретінде Қазақстан Республикасын әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосу жолында өлшеусіз еңбек еткен ардагер мұнайшыларымыздың өшпес есімдеріне арналған.

«Мұнайшы» қоғамдық коры

**ҚАЗАҚ
МҰНАЙЫНЫҢ
АРДАҚТЫЛАРЫ**

Өмірбаян сериясы

Басталуы – 2006 жыл



Қаламқас Сатыбалды

ТАҒЫЛЫМЫ ТЕРЕҢ ТАҒДЫРЛАР

**Дүйсен Үсенов
Салых Рысқалиев
Хасан Тәжиев
Куан Қазиев**



Алматы 2011

УДК 622.32
ББК 33.36
С 23

С 23
Сатыбалды Қаламқас
Тәгілділік терең тағдырлар – Алматы, 2011. 180 б.

ISBN 9965-816-39-5

Бұл кітапта елімізге белгілі мұнайшылар, үзак жылдар бойы «қара алтын» өнеркәсібінде басшылық қызметтер атқарған әмбебап мамандар, Кеңес одагының ен жоғарғы марарапттарына ие болған геологтар мен бұрғышылар – Дүйсен Үсенов, Салых Рысқалиев, Хасан Тәжиеев, Куан Қазиевтардың өмір жолы, стратегиялық аса маңызды саланы дамытудағы мол үлестері әңгімеленеді. Қазақстан мұнайшының тарихындағы қадау-қадау оқиғаларға күә болған қайраткерлердің өмір жолдары кейінгі үрпакқа үлгі боларлық. Кітап қалың оқырманға арналған.

УДК 622.32
ББК 33.36

ISBN 9965-816-39-5

© ОФ «Мұнайшы», 2011

Анысоз

*М*ангыстау тарихы – алтын тамырлы тарих. Алтын тамырдың түбінде құпия-сырдың тұнып жатқан мол дариясы бар. Ол дарияның тілін тауып, сойлесіп билетін бір адам бар. Ол адам – тарихтың майын ішіп, көзіне қалам тіреп ұйықтайтын, мігірсіз жазу жазатын жандар.

Манғыстау түбегі – қазақ елінің алтын қазығы. Алтын қазықты айналып кете алмайтындардың барлығы осы мекенге келіп, ат басын тірепті. Өйткені, қара алтынның тайқазаны осы өлкеде қайнап жатыр. Асанқайғы бабамыз айтып кеткен жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен қасиетті тубектің адам баласын өзіне тартатын құдіреті осы болса керек.

Асқан ақыл мен патша парасаттың ұлысы, үлкен рух иесі Пір Бекет ата Манғыстау топырағында мәнгілік коныс тепкен. Құс қанатындағы қиялдан дуниеге келген ғажайып өлкениң тал бесігінде тербеліп, 360 әулие жатыр.

Бұл Манғыстаудан орақ ауыз, от тілді қара сөз зергерлері Мәтжан, Карабала сынды билер, сүйегіне сөз қонған әйгілі Абыл, Нұрым, Қашаған сынды жыраулар, дауысы қозы көш жерден естілген әнші Қайып, ғашықтықтың құрбаны болған сұлу Ақбебек, алтын жырдың ақиығы Сәттіғұл, ел тарихын құміс көмейімен жырлаған Адайдың жеті қайқысы – Әділ, Досат, Тұрсын, Өскінбай, Шолтаман, Тастанемір осы топырактан шықкан.

Манғыстау – алтын балакты түлектерді бауырынан ұшырған киелі мекен. Халық аузында аты аңызға айналған тұнғыш геолог Оразмағамбет Тұрмагамбетұлы, шежіреші Алшын Мендалиев, білікті дәрігер Естөре Оразақов, ұлы қаламгер Әбіш Кекілбаев, біртуар ғалым Серікбол

Қондыбай, ерен еңбекті зиялды жан Өтежан Алшымбаев, білімнің үздік саңдағы Қылыш Өтетілеуов осы топырақтың төл перзенттері.

Ел мен жердің тарихына ие болар ертеңгі ұрпак. Жаксылар өткен жазира даланың, келбетті қаланың ғұмырнамасының үшқындан тарихын кейінге мұра етіп қалдыру – қолына қалам ұстаган жанның басты парызы. Тарихты жазу, тарихты сөйлету, тарихты айтуды – әр адамның төл топырағына деген перзенттік борышы. Борышты өтесу – парасатты іс.

Алғашқы бөлімде баяндалған Манғыстау мұнайының тарихында тұла бойында тамырын тереңге тартқан өлкенің топырағына ат ізін салған зиялды жандардың зерттеулері мен түйіндеген игілікті істерінің бір көрінісі жатыр. Олар салған алтын соқпақтың бойында қасиетті жердің күре тамырына қан жүтіртетін зор куат бар. Осы бөлімнің тағы бір аркауы – мұнайлы тубекке еңбегі сіңген жандардың еңбек мектебі мен рухы шарболаттай, аскак ұнді ерен еңбек иелерінің айбынды бейнесі.

Тіршіліктің тегі жоқ, ит байласа тұрғысыз ку даланың бақ көтеріп, кемелденуі – асып-төгілген мол қазынаның арқасы. Үш қиян жайлаған катал өлкенің табиғатының жүзін жылдытып, омырауын идірген айналайын адамдардың кос алақаны. Таң бауыр топырақты елжіретіп, кара алтының дарияғын ағызған кайраттың күші, енбек дауылын тұрғызған жігерлі жандардың дауысы. Ғұмыр-тарихы киелі тұбектің тыныстыршылігімен біте қайнасқан ардақты төрт азамат – Дүйсен Усенов, Салық Рысқалиев, Хасан Тәжиев, Куан Қазиевтің өмір жолдары, жасампаз істері, ерен ерліктері осы кітапта түбекейлі айшықталады.

МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙЫНЫҢ ТАРИХЫНА ШОЛУ

Заманымыздың занғар жазушысы Эбіш Кекілбаев Манғыстаудың қасиеті туралы былай деп суреттейді: «Бір анызда Туркістандағы Құрай тауының бір шоқысына шығып отырган Дәніспанға бір дәрүіш кеп, сұлтан Хуббидің кереметтеріне тәу ету үшін Манғыстауга барғысы келетінін айтады. Дәніспан дәрүішке ерейін деп орынан тұрып бара жатқанда, таудың шоқысы: «Мен де көрейін» деп едім деп ыңырсыди. «Олай болса, мен саған мініп барайын» деп Дәніспан шоқыға кеп қайта отырады. Тау батысқа карай жүріп береді. Манғыстауга жеткесін:

«Киелі жерге көліктен түсіп, жаяу барған дұрыс», – деп орнынан тұрып кетеді. Тау жеткен жерінде тұрып қалады. Дәніспан – Маңғыстау түбегіндегі Таушық кентінің шығыс жақ іргесіндегі оқшаша тау». (Әбіш Кекілбаев, «Түркістан тағылымы», («Тарихы терең Түркістан» кітабы, Алматы, «Білім» баспасы, 2000 ж.).

Аңыз текстес әңгіме болса да, осы бір мысалдан қазыналы тубектің өзіне ғана тән бір қасиетін коруге болады. 360 әулие мәнгілік қоныс тепкен қасиетті топырақтың екінші бір қасиеті – оның әлемді аузына каратқан кара алтыны.

Мұнай тарихын әріден қозғайтын болсақ, адам баласының мұнайды өзінің қажетіне жарата бастаған мезгілі 6-8 мың жыл шамасы болды деген пікір күні кешеге дейін айтылып келген. Ал, археологтар бұл пікірді өзгертіп, адам өміріндегі мұнайды пайдалану тарихын өте көне тас пен қола дәүіріне мензейді. Қалай десек те, мұнайдың адамзат өмірінде ерекше орын алатындығы өте ертеде дәлелденген.

Тарих беттерінде қатталып жазылған мұнай туралы мағлұматтарда Маңғыстауда тұңғыш экспедициялар I Петрдің тұсында жіберілген. Қазыналы тубекке алғаш рет 1703 жылы В. Майер есімді зерттеуши келген. Ал, XVIII ғасырда Маңғыстауға арнағы сапармен шыққан топтардың ішіндегі көрнектілері А. Черкасский, М. Травин, Ф.И. Симонов, А.И. Нечаев басқаратын экспедициялар. Осы XVIII ғасырда Ф.И. Симонов тұңғыш рет Маңғыстаудың картасын жасап, А.Черкасский «Қараған тұп» мүйісіне қамал салдырыды.

Маңғыстау жеріне аса қызығушылық танытқандардың қатарында XIX ғасырдағы Ф.Ф. Бергтің, Э.А. Эверманнның, Г.О. Карелиннің экспедицияларының аттары аталауды. Олардың мақсаты – тубекке орнығы үшін бекіністер салу, жарты аралдың жер койнауындағы қазба байлықтарды зерттеу болатын. Осы кезеңде патшаның география ғылымына аса ауқымды үлес косқан Л.И. Голенишева (Кутузова) еді. Ол Үстірт бойының Сам-Сарша құмдарының географиялық картасын жасады. Ал Ф.Ф. Бергтің 1825 жылы Сарайшықтан басталған экспедициясы кезінде көп мәселелер анықталған. Экспедиция Арал-Каспий теңіздерінің арасын аралаған кезде Үстірттің үстімен өткен, биологиялық-геологиялық зерттеулер жүргізген. Маңғыстау өлкесінде «мұнай бар» деген жазбаша деректер де тұңғыш рет осы қарсаңдарда дүниеге келді.

Маңғыстау өлкесін зерттеуде Г.О. Карелиннің сіңірген еңбегі айтартылғатай. Белгілі саяхатшы, табиғат зерттеушісі 1932 жылы Маңғыстау-

ға ірі экспедиция үйімдастырды. Әрине, экспедицияның алдына койған мақсаттары сан-салалы болатын. Оны саяхатшының мына сөздерінен байқау киын емес: «Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауы өзінің географиялық жағдайы қажет етегін дәрежеде ешқашан зерттеліп көрген емес. Осынау ұлан-асыр, әрі маңызды кеңестік келешекте Орта Азиямен екі ортадағы сауда және саяси байланыстарымызға жол ашатын жерлерге жалғасып жатыр... Көзбе-көз таныса келіп, байқауымызша 4 түрлі бағытта зерттеулер жүргізіледі. 1. Балық байлығы. 2. Сам суларының шын құпиясын анықтау. 3. Адай тайпасы халықтарының ахуалын зерттеу. 4. Каспий теңізінің қайрандалу сырларын ашу» (Ә. Кекілбаев «Үйкідағы арудың оянуы»).

Патша өкіметі шығарған экспедициялардың мақсаты мұнай іздеу екендігі өте құпия ұсталған. Экспедиция күнделігінде жазылған Карелиннің мына сөзіне назар аударайық: «Мен бір тамашаны көрдім. Ескегіміз қайранға әр тиғен сайын майлакы жасыл бірденелер су бетіне жүзіп шығады... Оны тексеріп көріп едік, Каспийдің батыс жағалауы мен шығыс жағалауы шылқи бөгіп жатқан тап-таза мұнай болып шықты» (Бұл да сонда). Карелиннің тубекке келген түпкі мақсаты – Манғыстау жерінде қандай қазына байлықтың бар екендігін танып, білу болғандығын жоғарыда көлтірген пікірінен көруге болады.

XIX ғасырдың соңғы 70 жылдарында А.И. Антиповтың, Л. Турконың зерттеулері де жарты арал байлығының ашылуына өзіндік үлесстерін қости. Ол Ақтау-Қаратай бойларын зерттеді. М.И. Иванин мен И.И. Ильминскийдің зерттеулері де Ақтау-Қаратай аралығында жүргізілген. Олар Бөрлі, Сиырсу маңында мұнайдың нышанын анықтады.

Манғыстау түбектегі қазба байлықтарды игеру алдымен көмір өндірісінен басталды. Бұл салада Цулукидзенің еңбегі айтартытай демекпіз. Патша сарайының кен істері жөніндегі кеңесшісі болып қызмет жасайтын Цулукидзе Манғыстауға келіп, кен орындарын түгелдей арапап көреді. Көрген-білгендерін жинақтаган ол Манғыстау түбектегі өндірістік маңызы бар деген қорытынды шығарады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Манғыстау өлкесіне геологиялық зерттеулер жүргізген талай-талай жиһанкездер болған. Солардың ішінде 20 жылға жуық зерттеген Н.И. Андрусовтың орны бір бөлек. Сапар кезіндегі көрген-білгендерін түйіп, Манғыстаудың қазба байлықтарын сипаттайтын кітап та жазып шығарған адам. Кейін

бұл өлкеде Н.И. Андрусовтың шәкірттері М.В. Баярунас, В.В. Мокринскийлер болып әр бағыттарда зерттеу жұмыстарын жүргізді. В.В. Мокринский тұбектің геологиялық картасын жасаса, М.В. Баярунас тас-көмір, фосфорит кендерін ашқан.

Ғылыми тұрғыдан мұқият зерттелмегенімен, аракідік келіп кетушілердің пікірінше, Маңғыстауда мұнай бар деген түйін расқа шығарылады. Белгілі саяхатшы Григорий Силыч Карелин жерден шықкан тастың бетіне мұнайдың белгісінің бар екенін көрген соң, XIX ғасырдың басында Қарабұғазқол, Маңғыстау түбегін, Үстірт бойын зерттеп бастайды.

Лейтенант И.А. Жеребцов «Волга» кемесімен 1847 жылы Каспий теңізінің Бакуден Гурьевке дейінгі жағаларын өлшеп, бейнелеп береді. Академик Н.И. Андрусов 1877 жылы Каспий сырт жағында геология маршрут зерттеуін жүргізді. Оның 1915 жылы «Мангышлақ» атты монографиясы жарық көрді.

Маңғыстау жерін зерттеушілер әр кезде де жеткілікті болған. Олар көмір, темір, мыс, марганец, қалайы, фосфорит кендерін ашты. Ал мұнай саласында Г.О. Карелиннен кейінгі екінші рет пікір ұсынған адам – Насибьяңц. «Мангышлакнефтегазразведка» кешенді экспедициясының бас геологы, Лениндік сыйлықтың лауреаты В.П. Токаревтің айтуына қарағанда, жиһанкез Г.А. Насибьяңц 1901 жылы «Тасбас» құдығынан мұнайдың нышандарын анықтайды. Ал 1911 жылы М.В. Баярунас «Қанға бабада» (Тубіжік) мұнай бар деген қорытындыға келеді.

Экспедицияларға жергілікті халық та мүмкіндігіне қарай комектесіп отырған. Маңғыстау түбегіне қатысты тарихи әңгімелерде солардың бірі – Оразмағанбет Тұрмағанбетов екені жіңі айтылады. Бұл жонінде М.В. Баярунас экспедициясында болған Н.И. Лупов былай деп жазады: «1928 жылы 24 жастағы студент Михаил Викентьевич Баярунастың геологиялық отрядында прораб болып істедім. Форт-Александровскіден түйеге, атқа мініп, Қаратаяуга қарай жолға шықтык. Шығыс Қаратаяудың онтүстік-шығыс бетіндегі «Қызыл су» құдығының басында аялдама жасады. Бізге сақал-мұртын тықырлап қырғызып тастаған, етженді, орта бойлы орта жастағы бір кісі келіп жолықты. Орыс тілін жаксы біледі екен. Ол – Оразмағанбет Тұрмағанбетов екен. Фалымдар келіп жатыр дегенді естіп, бізді қонаққа шақыра келіпті. Дастанқан басында әзіл-қалжының араластыра отырып, өзінің де осы

түбектің қазба байлығымен шұғылданып жүргенін айтты. Біз ол арада төрт күн кідірдік. Тұрмaganbetov бізді жалаңаштанып жатқан құмтас қыратына апарып, аумағы онша үлкен емес жосалы төбені көрсетti. Мениң көзімше басқа кен орындары жөнінде ештеңе айтқан жок. Оnda әңгімесін M.B. Баярунасқа оңаша айтқан болу керек. Біз аттанарда O.Тұрмaganbetov M.B. Баярунасқа бір боз ат сыйлады. Келесі жазда келгенімізде M.B. Баярунас оған радиоқабылдағыш әкеліп сыйға тартты. 1930 жылы M.B. Баярунас O. Тұрмaganbetovpen «Қанға ба-ба» деген жерде кездесті. Бірақ мен ол кездесулеріндегі болған жокпын. (Ә. Кекілбаев. «Ұйқыдағы арудың ояны»).

Осы Оразмағанбет ағамыз артынан D. Архангельский деген геологпен бірге жұмыс істеп, қыраттың ең қын қолтықтарында қазба жұмыстарын жүргізіп, зерттескен екен. Ағамыздың өзі терең білімді, оқымысты болған, сол кездің өзінде ол төрт тіл білген. Үйінде үлкен кітапханасы да болыпты. Қызылдар қырғыны тұсында, бертін 30-шы жылғы аштық кезінде ағамыз репрессияға ұшыраған. Кейін оның кітапханасы Фылым академиясына еткізіледі.

Кәрі Каспийдің шығысында орналасқан оның аумағы Өлі Қолтық койнауынан басталып, түстігінде түрікпеннің Қарағаз көліне дейін, шығысында Арап теңізіне дейін тартылған. Желі борап, құмы гулеген Үстірт қыратындағы тау қалдықтары ежелгі Сармат теңізінің шеті осы болғанын айғақтайты. Құм жұтқан теңіздің орны болған бұл жердің бар байлығы, тарихы қойнында. Талай ғалымдар оның құпиясын ашууды өзіне арман еткен. Атақты геолог N. Андрусов Маңғыстауды «палеонтология дәүірінің ашылмаган окулығы» деп атап кеткен. Түбектің географиялық орналасуы да қызық. Үстірттегі ең биік нүктө теңіз деңгейінен 342 метрде болса, Каспий бойы ойпатындағы Каракия Еуразия материгіндегі ең төменгі нүктө болып саналады. Ол теңіз деңгейінен 132 метр төменде орналасқан.

Маңғыстау ежелден екі континенттің бірінен-біріне өтетін үлкен жолында жатқан алып, құмды дала. Осы даланы кешіп парсының, үндінің көпестері Еуропага жол тартқан. Ол жақтан да шығыстың «Жібек жолына» шыққан саудагерлер осы жолдармен келген. Шөлден қатып, аңызакқа шыдай алмай келе жатқан керуендер қазактар қазған тас құдықтардан сүйнен сүйғы шекесінен шығып шөлін қандырған. Әрине, бұл жерде қантөгіс те аз болмаган. Қазақ пен түрікпен болып бір соғысса, ел ішін алатаидай бүлдіріп жүретін бүлдіргі бай-манаптар

ру намысы деген жалған намысты коздырып, туғандар бір-бірімен де аз қырылышпаган. Соның белгілері ретінде Манғыстаудың ұшықырысыз даласының өне бойында жалғыз қабір, шағын қорымдар көптеп кездеседі. Сейтіп, Манғыстаудың ен даласы қазағымның қаны мен теріне аз суарылмаған...

Манғыстау мұнайының бағын кеңес үкіметі жылдарында ашқан академик Қаныш Сәтбаев «Жақсыдан шарапат демекші», күні бүтінге дейін маңғыстаулық мұнайшылар оның есімін ризашылықпен еске алады.

Қанекең Ғылым академиясының президенті болған уакытынан бастап Үкіметтің назарын Батыс Қазақстанның қазба байлықтарына, оның ішінде Манғыстаудың мұнайына коніл аудартта бастайды. Атырауда Академияның кошпелі сессиясын өткізіп, онда басқа мәселелермен қатар Үстірт пен Маңғыстауда геологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы шешім қабылдатқызыады. Одақтық орта машина жасау министрі Е. Славскиймен жақын таныстығын да пайдаланып, ұлығалым Маңғыстауга олардың назарын аудартта біледі. Кейін, Манғыстау мұнайының мол қоры бар екені белгілі бола бастағанда, сол кезде Қанекең Одағын басқарған Хрущев оны Турікменстанға қаратпақ болғаны да белгілі. Сонда білек сыбана араласып, одақтағы барлық танысбілістерін қосып, кара алтынның отаны, ежелгі қазақ жерін Қазақстанның құрамында қалдыртқан да Қаныш Сәтбаев еді. Бұл іске Д. Конаевтың да қоскан үлесі бар көрінеді, дегенмен одақтық геология министрі, жақсы танысы Сидоренконы араластырып, Үкіметтің үлкен жиналысында Маңғыстау тағдырының дүрыс шешілүіне Қанекеңнің қосқан үлесі молдау екенін бері де айтады.

Жарты аралдың жер қойнауында үлкен мұнайдың бар екені анықталған соң, 1934 жылдан бастап, Манғыстаудың мұнайын зерттеу қолға алынады. «Главуголь», «Главнефть», «Главцветмет» бірлестіктерінің жанынан жаңа экспедициялар күрылдып, Манғыстауга аттанады. «Оған себеп болған, – дейді атакты геолог, Ленин сыйлығының лауреаты В.П. Токарев жолдас, – В.В. Мокринскийдің алғашқы сапарлары кезінде Маңғыстау өнірінен жинастырган түрлі тастары. Олар Ленинградқа апарылып, Тау-кен институтының ғылыми зертханасына қойылыпты. Кейін осы тастардың сырын анықтау кезінде оның құрамында аса кымбат коспалардың бар екендігі дәлелденді. Міне, осы кезден бастап түбек байлығын зерттеу үшін бірнеше экспедициялар жіберілді».

1934 жылғы Алексейчуктың зерттеулерінің нәтижесінде Маңғыстауда мұнай мен газдың бар екендігі ғылыми түргыда дәлелденді.

Маңғыстау байлығын зерттеуде Бұқілодақтық геологиялық-барлау ғылыми-зерттеу институтының еңбегі айтарлықтай, 1940 жылдан бастап осы институттың Маңғыстау бөлімшесі жұмыс жасады. Олар өлкениң бірқатар жерін қамтитын мұнай мен газ көндөрінің орналасуы жөніндегі схема-картаны дүниеге әкелді. Тұбектегі соғысқа дейінгі 1937-1941 және соғыстан кейінгі 1947-1949 жылдардағы геологиялық зерттеу жұмыстарын профессор В.В. Мокринский басқарды. Осы кезде Орталық таулы Маңғыстаудың геологиясы мен көмірлі кен орындары тыныштықты зерттелді. Зерттеулердің нәтижесінде 1939 жылдан бастап Таушықтағы көмірді өндірістік негізде игеру қолға алынды. Ел басына күн тұған киын кезеңдерде, әсіресе еліміздің европалық болігі жау қолында қалғанда Таушық көміріне деген сұраныс өсті.

Геологтар соғыстан кейін Маңғыстау өңірінен негізінен мұнай іздестіре бастады. 1947-1948 жылдары ВНИГРИ-дің геологтары А.А. Савельев пен Н.Ф. Кузнецова-Савельева алғашкы аумақтық геологиялық карта түзу жұмыстарын Солтүстік Ақтау өңірінде жүргізді. Сонымен катар олар Бозашы түбекіне қарай бірқатар геологиялық зерттеу сапарларын атқарып, «тұбектің терістігінде Бозашы деңі болуы керек» – деген алғашкы жорамалын жасады.

1949 жылы академик Қаныш Имантаулы Сәтбаевтың басшылығымен Атырау қаласында Қазак КСР Ғылым Академиясының көшпелі сессиясы етті. Көшпелі сессия Батыс Қазақстан өңірінің өндірістік күштерін зерттеу және игеруге арналып, геологиялық және пайдалы қазбаларды іздестіру (мұнай, көмір), энергетика, химия мен металлургия, өндірістік күрылым материалдары, балық өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы мәселелері кешенді түрде қаралып, кеңінен талқыланды. Оның ішінде мұнай іздестіру жұмыстарына басымдық берілді. Соның нәтижесінде Маңғыстауда жұмыс істеген ВНИГРИ-дің және «Қазақстанмұнай» бірлестігінің Маңғыстаудағы экспедициялары 30-дан астам мұнай мен газ жатқан дөңдерді анықтап, терең барлау бұргылауга үш күрылым дайындағы.

Маңғыстау түбекінің қазына байлығын ашу мен игеруде Форт-Шевченкода күрылған «Мангышлакнефтегазразведка» тресінің маңызы ерекше болды. Оларға қосымша «Гурьевнефтегеофизика» тресі мен Батыс Қазақстан геологиялық басқармасы зерттеу жұмыстарын

жүргізіп, алты аймақтың құрылымын жасады. Оларға Өзен, Жетібай, Бозашы, Каспий теңізінің жағалауы, Бекі-Басқұдық, Актау-Қаратая сілемдері, Тасбас, Арман, Қарашажы, Алатөбе аймақтары кіреді.

Тұбек барлаушылары Қорғанбай, Еспелі сай, Шемішті, Жұман, Жарылғас, Құлтай өнірлерін зерттеп, аталған аландардың перспективалары анықталды.

Сондай-ақ, 50-ші жылдардың аяғы және 60-шы жылдардың басы жаңа аймақтарды, атап айтқанда, Онтүстік Манғыстауды іздеу жұмыстарының саласына тартылумен сипатталады. 1957 жылы осы ауданда мұнай мен газ кен орындарын анағұрлым егжей-тегжейлі зерттеу үшін «Қазақстанмұнай» бірлестігінің құрамында «Манғышлак-мұнайбарлау» тресі ұйымдастырылды, кейін ол Қазақ КСР Геология министрлігінің Батыс Қазақстан геологиялық басқармасының қаруына көшті.

Біздін келесі бөлімдерде аты аталып, Манғыстау мұнайына жасаған орасан зор еңбектері толықтай қамтылатын торт кейіпкеріміз осы жылдары ұйымдастырылған Манғыстау өлкесінің табиғи байлыктарын зерттеген алғашкы геолог-барлаушылардың қатарында болғандықтан, 1951 жылдан басталған Манғыстаудағы зерттеу жұмыстарында үлкен шараларды ұйымдастырған «Манғыстаумұнайгазбарлау» тресі барлау жұмыстарына толық тоқталғанды жөн көрдік.

1951 жылы «Қазмұнайбарлау» тресінің геологиялық-іздеу конторасының бүрғылау партиясы Қаратоннан Манғыстауга ауыстырылып, осында бүрғылау жұмыстарын жүргізеді. Алғашкы бүрғыны олар бүрын зерттелген Тұбіжік қыратына салады. Бұл жұмыстар ұжым бастығы Ожакай Бегалиевтің басшылығымен жүргізіледі. Ал осы бүрғылау партиясының аға геологы Абат Оразалин еken. Екеуі де кейін Манғыстаудың үлкен мұнайды алғашкы ашушылар ретінде зор құрметке бөлениген жандар. Ожакай Бегалиев кейін «Қазақ КСР-на енбек сінірген геолог-барлаушы» атағын алған. Ол ұзақ жылдар бойы «Қазакмұнай-газбарлау» басқармасы бастығының орынбасары, Каспий мұнай барлау төрөн бүрғылау экспедициясының бастығы қызметтерін атқарды.

1951 жылдан бастап, Ленинград қаласында орналаскан КСРО-ның «Мұнайды ғылыми-зерттеудің Бұқілодақтық геологиялық-барлау институты» да Манғыстауда кешенді жұмыстар жүргізе бастады. Оның басқармасы Баутино кентіне қоныстанған еді. Мұнда табысты барлау жұмыстарын жүргізген Б. Дьяков, Н. Черепанов деген ғалымдарға

кейін Лениндік сыйлықтар берілді. 1955-56 жылдары Қарасаз-Тасбас аймагында «Қазмұнайбарлау» тресі 12 мұнара орнатып, терендіктері 500-700 метр болатын бұрғылар салды. Бірақ бұл жерлерден мұнай емес, триастың аргиллиты деген коймалжың, қызыл-қоңыр сұйықтық шықты. Сонымен, 1956 жылдың аяғында бұл жерді бұрғылау ісі дө-ғарылды.

Маңғыстауда мұнайдың мол қорының бар екені белгілі болады, тек соны табу керек. Қаныш Сәтбаев бастаған геолог-галымдар да осыны растап бағады. Республика Үкіметі бұл істі зерттеуді шындалап колға алады. Соның нәтижесінде 1957 жылдың акпанында республикалық «Қазакстанмұнай» бірлестігінің бастығы С. Өтебаев қол қойған «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресі құрылды.

1957 жылдың көктемінде ашылған оның кеңесі алғашында Форт-Шевченко қаласындағы ескі уйге орналасады. Трестің алғашқы басқарушысы болып Орынбай Бердіғожин тағайындалады. 1951 жылы «Қазақ КСР-нің еңбек сінірген мұнайшысы» деген құрметті атақта ие болған азамат. «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерін де алған. 1984 жылы 74 жасында Жаңа Өзен қаласында дүниеден отті.

Трестің алғашқы бас геологы болып кейін Лениндік сыйлықты алған атақты мұнайшы Валентин Токарев Маңғыстау мұнайына зор еңбек сініріп, жүздеген шәқірт тәрбиелеп шығарған адам.

Форт-Шевченкоға трест құрамыз деп Сафи Өтебаев бастаған республиканың білікті мұнай мамандары АН-2 ұшағымен ұшып келгенде оларды ауданның сол кездегі бірінші хатшысы Мазан Халелов пен аудандық атқару комитетінің төрагасы Елмырза Ерекенов қарсы алады. Трестің бас инженері болып Мырзаш Берғалиев тағайындалады. Жаңа трестің құрамына Маңғыстауда жұмыс істеп жаткан геологиялық-іздеу экспедициясы, топографиялық партия, автокөлік конторасы, жұмыспен қамтамасыз ету белімі, радио және құрылымдық цехтары, топогеодезиялық партия мен материалдық-техникалық жабдықтау базасы енгізіледі.

Оз алдына шаңырак тіккен трестің алғашқы бұрғы салған өнірі бұрын зерттелген Тұбіжік болды. Жұмыс колы жетпегендіктен оған жергілікті жастарды икемдеу жұмысы да бір мезгілде жүргізілді. Талабы бар жастарды Алматы мен Мәскеудің оку орындарына жіберіп, ал жұмышшыларды жергілікті жерлерде дайындау курстары да үйимдастырылды. 1958 жылы үйимдастырылған осында курске Таушық орта мектебін бітірген 30 бала қабылданды. Онда Хасан Тәжиев, Мыр-

заш Берғалиев секілді инженерлер сабақ береді. Хасан Тәжиев Мәскеудің Губкин атындағы мұнай институтын бітірген білікті маман еді. Оның тіпті экесі де мұнайшы болған. Кейін ол «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұнайшысы» күрметті атағын және бірнеше орден-медальдар алған адам. Артынан оның «Тәжиев мектебі» деп аталған курсынан 4 бүрғылау бригадасы ұйымдастырылды. Оқытылуға ауыр тиеді деген мұнай терминдерін өздігінен аударып, қолма-қол сөздік те жасап отырған.

Айнала құла тұз, көз көрімде ұшқан құс көрінбейтін қу мекиен дала да сөйтіп жана трестің жұмысы басталып кетеді. Алғашқы бүрғы салған Константин Бураков деген бүрғышы еді. Күнбе-күнгі тынымсыз жұмыстардың бірінде Тубіжіктен мұнайдың белгілері бар сұйықтық шықты. Бірақ бұл мұнайлы қыртыстың бергі қабатында болатын сұйықтық мұнайдың өзі ал де тереңде екенін көрсетті. 917 метр бүрғыланғаннан кейін Тубіжік мұнайының сапасыз екендігі білінді. Сондықтан алғашқы жобадасы 3000 метрге дейін бүрғылау жобасы орта жолда тоқтатылды. Сейтіп, трестің алғашқы жұмысы осылай сәт-сіздікке ұшырады.

Енді Қошанай алаңын бүрғылау ісі қолға алынады. Сонымен қатар Бозашы тубегіндегі Қызаң құрылымына да ұлken үміт артылады. Алып бүрғылау мұнараларын бір жерден екінші жерге көшіру де киямет жұмыс. Қолда бар техниканың бәрін жегіп, көшіру жұмыстары басталады. Иесіз мекендерге көшетін геологтарға жергілікті халық қатты комектеседі. Олар геологтарды киізбен, ет, сүт өнімдерімен қамтама-сыз етеді.

Әсіреле анызак ыстықта адамның шөлін бірден басатын шұбаттың дәмі геологтардың есінен кеппестей болады.

Не нәрсенің де басы қатты болса, аяғы тәтті болады емес пе?

«Маңыстаумұнайбарлау» тресінің Қошанай мен Қызандагы жұмыстары да сәтсіз аяқталады. Бұл алдымен республикалық «Қазақстан-мұнай» бірлестігін састырады. Мұнай қоры мол деген ғалымдардың болжамына сүйеніп, Маңыстаудың ұлken мұнайын ашу үшін Одактық министрліктен аса ұлken қолемде қаржы бөлдіріп, тресті құрған со-лар еді ғой. Сондықтан Алматыда шұғыл түрде екі бірдей өндірістік сейсмикалық партия құрылды, бірлестік оны Өзен алқабына жібереді. Бұл жобаны жасауға бірлестіктің Сафи Өтебаев бастаған барлық білікті мамандары катыстырылады. Осы партияларға басшылық ету

жұмысы белгілі мұнайшы Нәрен Имашевке жүктеледі. Бұл кісі де кейін «Қазақ КСР-нің еңбек сінірген мұнайшысы» құрметті атағын алған адам. Сонымен бірге ол 1966 жылы басқалармен бірге Лениндік сыйлық алған. Ал «Маңғыстаумұнайбарлау» тресінің бірінші басшылары О. Бердіғожин мен А. Захарченко орындарынан алынады. Трестің басқарушысы болып сол кезде жасы 30-ға да жетпеген Халел Жағыпарұлы Өзбекқалиев тағайындалады. Мәскеудің И. Губкин атындағы мұнай институтын бітірген Халекен ол кезде мұнай барлау ісінде біршама тәжірибе жинақтап үлгерген еді. Треке басшылықта жіберерде ол республикалық «Қазмұнайбарлау» бірлестігінің Мақат конторында бас инженер болып істеп жүрген екен. Ол кезде сенің көнген-көнбекенің қарамайды, коммунист болсаң болды, айтқанын орындау керек. Халекенді де Ембіден жер түбі Форт-Шевченкоға жібере салады... Бірак бұл сапар Халекен үшін қайырлы болды. Алла оған бұл сапарда үлкен бақ беріп, ол Маңғыстаудың мұнай майданында алдыңғы қатардағы алғыр командир болып, алынбайтын камалдардың бәрін де женіп отырды. Соның арқасында ол өзін де, қол астындағы еңбеккерлерді өшпес данққа бөледі. Кейін Халекен есімі Қазақстан мұнайының тарихында алтын әріптермен жазылғатын ерлердің бірі болды. Ол сол кездегі Одақтағы ең үлкен сыйлық – Лениндік сыйлықтың лауреаты болды, Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталды. «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінен өсіп, ол кейін Қазақстанның Геология министрінің орынбасары болып ұзак жылдар еңбек етті.

...«Маңғыстаумұнайбарлау» тресіне жаңа бастық болып Халел Өзбекқалиев келеді. Ал бас инженер болып Асабай Хисметов тағайындалады. Сол кезде Дүйсен Үсенов «Жетібаймұнайбарлау» болімінің бастығы, Хасан Тәжиев бас инженер, Салық Рысқалиев бүрғылау шебері, Куан Қазиев осы бөлімшеде өндіріс белімін басқарады.

Бас геолог болып Валентин Токарев қала береді. Бұл уақыттарда Қы-зан мен Тұбіжіктегі терен бүрғылау жұмыстары аяқталып, енді Маңғыстаудың сусыз, далалы шөлейт алқаптарына терен бүрғы салу жұмыстары жоспарланды. Сондыктан терен бүрғылау қондырығыларын Жетібай мен Өзенге көшіру жұмысы колға алынады. Қызан-Тиген-Шетпе-Жетібай бағытымен терен бүрғылау қондырығыларын сүйрекен тракторлар керуені шағыл күмді даланың шаңын аспанға көтеріп отырып, он тәулік дегенде Жетібайға зорға жетеді. Ал мұнайшылардың отбасылары жаз бойы көшумен болады. Қияқты жусан мен мортық,

ебелек, анда-санда ақ селеу ғана бетін жауып жатқан құмды даланың анызак желді аттабы тіпті орасан болатын. Бірақ адамдар да алған беттерінен қайтпай, жел мен күнге беттері тотығып, осынау жерлерде өздеріне женел баспаналар тұрғызып, іске кіріседі. Қазақтың қарайған бейіттерден басқа белгісі жоқ елсіз даласында сойтіп, 1957 жылы алғашкы рет терең бұрғылау жұмыстары жүргізіле бастайды.

Бұл жердің «Жетібай» аталуының өзіндік тарихы бар. Жетібай – осы жерге қоныстанып, есслі еңбек етуінің нәтижесінде байыған жеті жігіттің мекені болған жер деседі. Айта кететін жәйт, бұл жерлерге бұрын 22 тайыз бұрғылау мұнаралары орнатылып, одан нәтиже шықпаған соң енді терең бұрғылау жұмысы қолға алынған. Бірақ тайыз бұрғылаудың нәтижесі бойынша бұл жердің құрылымдық картасы жасалған еді.

Терең бұрғылау жұмыстары да бірден нәтиже берген жоқ. Тек 1960 жылдың ақпан айында 1715 метр терендіктен бұрғылау шебері Салых Рысқалиевтің бригадасы алғаш рет Жетібай мұнай кенішінен кері (тас) алған. Сол керніді көрген тәжірибелі геологтар қара алтынға қолы жеткендерін біліп, бәрі де «уралап» қоя береді. Кейін бұл сүйектік Мәскеудегі саралтау аппараттарымен тексерілгенде жоғары сападағы мұнай екендігі ғылыми жолмен аныкталады. Артынан, 1961 жылдың шілде айының 5 жүлдізында 2100-2200 терендік аралығынан нөмірі алтыншы ұнғыдан осы жерде алғашқы мұнай бұрқағы да атылады. Сағым кезген ұшы-қиырсыз сары даладан іздегенін тапқан геологтардың бұл жолы қуанышы да шексіз еді... Ал қара алтын бұрқағының биіктігі 53 метрлік мұнарадан да асып кетеді. Жұмыс орнының бәрін мұнай жауып, жұмысшылар жүре алмай қалады. Мұндай молшылықта дайындығы жоқ мұнайшылар 3 күн бойы атқылаған бұрқакпен өздерінің 3000 тоннаға жуық мұнайды далаға жібергенін де білмей қалады. Ал мұнайдан болған көлшіктің көлемі жарты шакырымға созылып кетеді. Бірақ бұл «Маңғыстауда мұнай жоқ, ол ғылыми-зерттеу институтының акшаны боска шашып жатқан ысырабы» деген Мәскеу керауыздарының аузын жабады. Маңғыстаудың сол мұнай бұрқағы «Геологтардың шөлдегі ерлігі» деген атпен орталық телаарнадан көрсетіледі. Ол кезде Мәскеуден көрсетілетін жалғыз арнаны бүкіл КСРО қол асты көретін еді гой. Оның жаңалықтары бүкіл елге тарайтын.

Жетібайдан мұнай бұрқағы ататын мезгілдің сәл алдында Жетібай мұнай барлауының бастығы Дүйсен Усеновті орнынан алып, орнына

Хасан Тәжиевті басшы етіп тағайындауды. Ал Куан Қазиевті уақытша бас инженер етіп қояды. Дүйсен Усеновті бұргылау жұмыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болімге бастық етіп жібереді.

Мұнай бұрқағын басуға екі бригада күріліп, онын бір тобын бұргылау шебері Салых Рысқалиевтің, екінші тобын бұргышы Жолдас Тоқжановтың бригадасы баскарады.

Бұрқақты тоқтату кезінде мұнай тарихында аты жі аталатын басшылармен қатар Дүйсен Усенов, Хасан Тәжиев, Куан Қазиевтердің басшылық жасап, қызмет көрсеткендігін айттып кеткеніміз жөн болар.

Сол күні Жетібайдан танертең кеткен радиограмма арқылы фонтан хабары Форт-Шевченко қаласындағы трестің бастығы Халел Өзбекқалиевке, одан Гурьевке, одан Алматыға, әрі қарай Мәскеуге жедел жетіп үлгерген. Сөйтіп, бұл куанышты хабар аса үлкен жылдамдықпен Одактың түкпір-түкпірін шарлан кете берді де, Маңғыстау есімін әпсөтте-ақ әлемге паш етті.

Көп кешікпей ұшакпен Гурьев қаласынан Батыс Қазакстан геология басқармасының бастығы Е. Иванов пен бас геологі Н. Имашев келді.

Олардың артын ала бірнеше сағаттан кейін өмірінде Маңғыстау жерін басып көрмеген КСРО Геология министрінің орынбасары Б.Н. Ерофеев және Қазақ КСР Геология министрі Ш.Е. Есенов, КСРО Геология министрлігіндегі геология басқармасының бастығы Н.А. Калинин Жетібайга ұшакпен келіп қонды.

Осылай Жетібай алаңындағы №6 терең бұргылау ұнғысынан атқылаған алғашқы қуатты мұнай фонтаны тек қана Қазақстанда емес, бүкіл Кеңестер Одағында Маңғыстау мұнайлы аймағының ашылғандығын жария етті.

Келесі күні-ақ «Правда» газетінің кезекті санында: «Оңтүстік Маңғыстаудағы Жетібай алаңында қазылған №6 бұргылау ұнғысынан аса қуатты мұнай фонтаны алынды. Бұл – Қазақстанда жаңа мұнайлы Маңғыстау аймағы ашылды деген сөз» – деп министрлік орынбасары Б.Н. Ерофеев пен геология басқармасының бастығы Н.А. Калинин қуана, елден сүйінші сұраған мақала жариялады.

Мұнайлы Маңғыстаудың мұнайының тарихы осылай басталады.

Естен кетпес атақты 1961 жылдың 5 шілдесінде алтыншы ұнғыдан аткан мұнай фонтаны Маңғыстаудың тарихындағы бүкілодак көз тіккен үлкен тарихи оқиға еді. Жетібай поселкесінен алты-жеті шақырым қашықтықта орналасқан алғашқы мұнай фонтаны ашылған жерге

тұңғыш мұнай бүрқағын токтатуда үлкен ерлік көрсеткен алғашқы игерушілерге арналып, 1971 жылы ескерткіш орнатылды.

Тарихты адам жасайтынын мойындай отырып, осы жерде Маңғыстау мұнайының алғашқы бүрқағы атылған күнді көзімен көрген «Ленин», «Құрмет» ордендерінің, «КР-ның еңбек сіңірген жер қойнауын барлаушысы» төс белгісінің иегері, «Ақтау қаласының құрметті азаматы», бүгінде көзі тірі ардагер мұнайшы Жолдас Тоқжанов осы тарихи күн туралы былай деп айтқан болатын: «Бұл алтыншы ұнғыда болған еді, бұл күні Маңғышлакқа келген десантты бригадасының құрамындағы бүргілау шебері Николай Петровтың бригадасы жұмыс істеп жатқан еді. Мұнай 2385 метр терендіктен шықты. Есімде, сол күні өз кезегімді тапсырып, поселкеге жете берген бойым еді, артынша ұнғыдан мұнай атқылап жатқанын және бізді кейін шақыртып жатқанын хабаршылардан естідік. Ұнғыға дейін әркім тапқан көлігімен самосвал, газиктермен келді. Қанат біткендей ұштық. Жетпей жатып фонтаниның аузынан шығып жатқан гүлдеген дауыс естідік. Мұнай мен газдың фонтанының биіктігі таң қалдырыды – елу-алпыс метр. Бұндай жағдай Маңғышлақта болмаған еді. Мұнайды құттік, кең жазық далада «қара алтынның» бар екендігіне сендік, бірақ фонтанға жол беруге болмайды. Бұл енді өндірістегі апат саналады, жалын отқа айналу қауіп бар. Жеткенше біршама адам жиналған, арасында қызықтаушылар да бар. Тез арада бөтен адамдарды таратып, уш жұз метр радиуста күзет қойылды, барлығына қатаң тәртіп сақтауды және қауіпсіздік шараларын сақтауды – бірде бір бөтен адамды кіргізбеуді, темекі тартпауды, от жақпауды ескертті, егер бұл шаралар орындалмаса киын жағдайдың болуы әбден мүмкін. Өртті кішкентай болсын ұшқын тудыруы мүмкін еді. Осы аумакта темекі тартқан адамды сотқа жіберер еді, – жағдай өте ауыр болды. Бірақ осында жұмыс жасағандардың барлығы жауапкершілікті түсінді.

Бұл үреймен араласқан қуаныш еді, – мұнай бар, Маңғышлақ мұнайы ашылды! Үмітіміз акталды! Далада уш жарым жыл босқа жүрген жокпиз! Бірақ қауіп тудырмау керек! Тез арада, қалай болса да ысырманы жауып, сексен градусты қайнап тұрған майлы қоймалжыңды фонтанды тоқтату керек! Алты адамнан екі бригада болып жұмыс істедік, жиырма минут сайын ауысып тұрдық. Ол кездері аринайы апаттық киімдер, каскалар және тағы да басқа қорғаушы жабдықтар болған жок. Үстімізге бар нәрсенің бәрін кидік, – бірнеше макта шал-

барлар, күртeler, керзі етіктер. Бәрі соғыстағыдай болды. Тәуекелге бел будық, фонтанның астына барған әр адам онын арты немен аяқталуы мүмкін екенін білді. Бірақ олардың ешқайсысы кейін қайтпады. Мұнайға әбден малынды. Жиырма минуттан артық шыдатпады, атмосфералық қысым ыссыда 280-ден асып кетті. Фонтан астынан шықкан бұрғышыны медбике күтіп түрді. Ол сол бойда көзімізді мұздай сумен жуып түрді, кол астында басқа еш нәрсе болған жок. Кез келген минутта жалынданап, отқа айналу кауіпі бар мұнай фонтанымен екі тәулік арпалыстық, яғни, бесінші – жетінші тамыз аралығында болыш еді».

Сол тарихи оқиғаның бас-қасында болған, бұрқақты тоқтатушылар арасында екі вахтаға бөлініп, күш-қайрат көрсеткен мұнайшы, бұрғышылардың арасында Жолдас Тоқжановтың карауына берілген Жұзбаев Тілеген, Науымов Кесікбай, Жанғалиев Әділ, ал Сабыrbай Шонтыбаевтың вахтасында Азанбаев Қайып, Мұхатов Жігер, Өтегенов Кесікбай т.б. мұнайшылар болды.

№6 ұнғыда еңбек еткен бұрғылау шебері Николай Михаилович Петровтың бригадасының уш вахтасында бұрғышылар – Сабыrbай Шонтыбаев, Бідән Қалиев, Бисенғали Бәжіков, (был азаматтың фамилиясы кей жерлерде Бажиков деп айтылады К.С.), Кемелхан Берікбосынов, бұрғышының көмекшілері – Қантөре Куанышбеков, Онғар Қабжанов, Шәкірт Саханов, мотористер Ізтұрған Сүйіндіков, Дәріш Тоқжанова, Қожағмет Қалдыбаев, Тұфмухан Кенебаев, Ермұхан Таужанов, Ермұхан Қанатбаев, Атабай Төремұратов, Жосабай Қыстаубаев, жоғарыдағылар (верховой) Кесікбай Науанов, Сайлау Смағұлов, Кесікбай Өтегенов, Төлесін Өмірбаев, жұмысшылар Сергей Ливицкий, Михайл Жуковский, Найзабек Толтырбаев, Оңай Бұқабаев, машинистер – Рустем Жұзбаев, Атыраубай Аяғанов, слесарылар – Мырзабек Онғалиев, Иткүшік Байжанов, Қалабай Қыстаубаев, Аймағанбет Әлиевтер болды. Жетібай алаңындағы бұрғылау бригадаларының аға механиигі Назар Сейтімбетов есімді жігіт болатын.

Мұнай бұрқағын басуға көмекке келген бұрғышылар – Әбіл Жақсымбетов, Қадір Қожахметов, Мұхтар Ерғалиев, Жігер Мұхатов, Жолдас Тоқжанов, Нұржая Тасмұратов, жұмысшылар – Санатбай Масатов, Борис Сүлейменов, П.Т. Шамрай, В.С. Керилус, Бақыт Бопылов, Сәмен Нұрқасанова, Сабыр Бисеновтер болатын.